

Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 05 ақпандағы "Шарбақты ауданының тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" № 41/2 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 14/1 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 02 наурызда № 4948 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 2018 жылғы 21 ақпандағы № 49/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 21.02.2018 № 49/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 10-4 бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына сәйкес Шарбақты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 05 ақпандағы "Шарбақты ауданының тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" № 41/2 қаулысына (№ 4340 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылғы 10 наурызда тіркелген, аудандық № 11 "Маралды" газетінде 2015 жылғы 19 наурызда, аудандық № 11 "Трибуна" газетінде 19 наурызда жарияланған) келесі толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Шарбақты ауданының тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережесінде:

16 тармағы келесі "Тұрғын үй қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты және жергілікті атқарушы органдар басшылығын үйлестіруді жүзеге асыру." сөйлемімен толықтырылсын;

19 тармағы келесі тармақшалармен толықтырылсын:

- 4) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз етеді;
- 5) тұрғын үй қорын басқару саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 6) тұрғын үй қорын сақтау және тиісті пайдалану бойынша іс-шараларды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- 7) коммуналдық тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастырады;
- 8) тұрғын үй қорына түгендеу жүргізеді;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген шарттармен және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен тұрғын үйлерді коммуналдық тұрғын үй қорынан азаматтардың меншігіне беруді жүзеге асырады;
- 10) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы іс-шараларды тиісті ауданың, облыстық маңызы қаланың даму бағдарламасына енгізуі қамтамасыз етеді, сондай-ақ энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында ақпараттық қызметті жүзеге асырады;
- 11) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында мемлекеттік саясатты жүргізуі қамтамасыз етеді;
- 12) ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) су құбырларын, тазарту құрылыштарын, жылу мен электр желілерін және басқа да көліктік және инженерлік инфрақұрылымдар объектілерінің пайдалануды ұйымдастырады;
- 13) Қазақстан Республикасының көлік саласындағы заңнамасына сәйкес жолаушылар тасымалын ұйымдастырады;
- 14) аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) маңызы бар жолдарды салуды, пайдалануды және күтіп ұстауды ұйымдастырады;
- 15) қоғамдық орындарды абаттандыру және сыртқы безендіру мәселелерін шешеді;
- 16) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес өз құзыretі шегінде ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, электрондық қызметтер көрсетеді;
- 17) жергілікті мемлекеттік басқару мұддесі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарына жүктелген езге уәкілеттікті жүзеге асырады;
- 18) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу және концессия туралы заңнамасына сәйкес жалпы пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, елді мекенді кенттердің көше құрылышы, құрылышты қайта жаңарту, жөндеу және қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастыру;
- 19) аудандық маңызы бар жалпы пайдаланылатын автомобиль жолдарын, елді мекенді кенттердегі көше желісін басқару.

2. "Шарбақты ауданының тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте Ережеге енгізілген толықтыруларды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік етуші орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Ыбыраев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК